

«ESIL UNIVERSITY» МЕКЕМЕСІ

«МЕНЕДЖМЕНТ» КАФЕДРАСЫ



«Бекітемін»

Ғылыми кеңестің төрағасы

Э.ғ.д., профессор

А. А. Таубаев

05 2025г.

8D041 —«Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша

8D04106 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасының

ТӨЛҚҰЖАТЫ

Астана 2025

ББ бағдарламасының атауы	8D04106 Мемлекеттік және жергілікті басқару
Білім беру саласының коды және сыныптамасы	8D04 Бизнес, басқару және құқық
Дайындық бағытының коды және жіктелуі	8D041 Бизнес және басқару
ББ бағдарламасының мақсаты	Бағдарламаның мақсаты мемлекеттік және жергілікті басқару саласында бәсекеге қабілетті, мемлекеттің дамуына ықпал ететін табысты көшбасшылар мен зерттеушілерді, сондай-ақ тьютерді дайындау болып табылады.
ҰБШ, СБШ, ББХСЖ бойынша деңгей	Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) бойынша – 8; салалық біліктілік шеңбері (СБШ) бойынша – 8; білім берудің халықаралық стандарттық жіктемесі (ББХСЖ) бойынша – 8 біліктілік деңгейі
Кәсіби қызмет саласы	Кез келген ұйымдық нысандарда (мемлекеттік, жергілікті, коммерциялық, коммерциялық емес) түлектер басқару аппаратының түрлі қызметтерінде орындаушылар немесе кіші деңгейдегі басшылар ретінде жұмыс істей алады.
ББ бағдарламасының ерекшеліктері	Академиялық алмасу, көптілділік, практикаға бағытталған оқыту, ғылыми-зерттеу тәсілі
Кәсіби қызмет объектісі	
Құзыреттілік/оқыту нәтижелері	
Кәсіби	Негізгі
1) Жаһандану жағдайында квазимемлекеттік және мемлекеттік секторды стратегиялық басқаруда қабылданатын тиімді шешімдерді ғылыми негізде болжап зерттеу және жүйелі ұсыныстар жасай білу; 2) Мемлекеттік бағдарламаларды, жоспарлар мен жобаларды іске асыру тиімділігін арттыруда әмбебап құрал ретінде жобалық басқару қағидаттарын енгізу қабілетін көрсету.	1) Әлеуметтік-экономикалық ғылымдар саласында нақты зерттеулерді жүргізуді, өзекті мәселелерді анықтауды және ғылыми тілде дәйекті ұсыныстар жасаудың стильдерін қалыптастыра білу; 2) Ғылыми нәтижелерді математикалық әдістер мен модельдерді қолдана отырып, сыни тұрғыдан талдап, бағалай білу; 3) Мемлекеттің әртүрлі салаларын басқаруда математикалық моделдерді тиімді қолдана білу; 4) Зерттеулер жүргізу барысында ауқымды деректерді өңдеуде цифрлық технологиялар мен статистикалық әдіс-тәсілдерді жүйелі түрде қолдануды көрсете білу.
Оқыту түрі	Күндізгі

Оқу мерзімі	3 жыл
Оқыту тілі	Қазақ, орыс
Кредиттер көлемі	180 академиялық кредиттен кем емес
Берілетін академиялық дәреже	Философия докторы (PhD)
Әзірлеуге жауапты құрылымдық бөлімше	«Менеджмент» кафедрасы
Кәсіби стандарт	-
Осы ББ бағдарламасы бойынша оқыту үшін алдыңғы білім деңгейі	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура – ғылыми-педагогикалық бағыт)
ББ бағдарламасының аккредитациясының/ лицензиясының болуы	№KZ08LAA00001225 лицензияланған
Ғылыми Кеңесте ББ бекіткен күні	2025 жыл

2 ҚҰЗЫРЕТТІЛІК КАРТАСЫ

8D04106 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторының (PhD) негізгі құзыреттеріне қойылатын талаптар

Тұжырымдамасы құзыреті	Коды	Құзыреттер	Құзыреттілікті қалыптастыратын білім беру бағдарламасының элементтері
1.Базалық құзыреттер	БК 1	Әлеуметтік-экономикалық ғылымдар саласында нақты зерттеулерді жүргізуді, өзекті мәселелерді анықтауды және ғылыми тілде дәйекті ұсыныстар жасаудың стильдерін қалыптастыра білу;	Академиялық хат, Ғылыми-зерттеу әдістері, Зерттеу әдістемесінде жасанды интеллектті пайдалану, Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, Педагогикалық тәжірибе, Докторлық диссертацияны орындау, Зерттеу тәжірибесі.
	БК 2	Ғылыми нәтижелерді математикалық әдістер мен модельдерді қолдана отырып, сыни тұрғыдан талдап, бағалай білу;	Ғылыми-зерттеу әдістері, Зерттеу әдістемесінде жасанды интеллектті пайдалану, Басқарудағы математикалық әдістер мен модельдер, Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, Педагогикалық тәжірибе, Докторлық диссертацияны орындау, Зерттеу тәжірибесі.
	БК 3	Мемлекеттің әртүрлі салаларын басқаруда математикалық моделдерді тиімді қолдана білу;	Басқарудағы математикалық әдістер мен модельдер, Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, Докторлық диссертацияны орындау, Зерттеу тәжірибесі.
	БК 4	Зерттеулер жүргізу барысында ауқымды деректерді өңдеуде цифрлық технологиялар мен статистикалық әдіс-тәсілдерді жүйелі түрде қолдануды көрсете білу.	Әлеуметтік-экономикалық жүйелерді талдаудың статистикалық әдістері, Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, Педагогикалық тәжірибе, Докторлық диссертацияны орындау, Зерттеу тәжірибесі.
2. Кәсіби құзыреттер	ПК 5	Жаһандану жағдайында квазимемлекеттік және мемлекеттік секторды стратегиялық басқаруда қабылданатын тиімді шешімдерді ғылыми негізде болжап зерттеу және жүйелі ұсыныстар жасай білу;	Жаһандану жағдайындағы стратегиялық мемлекеттік басқару, Квазимемлекеттік сектор субъектілерін стратегиялық басқару, Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, Педагогикалық тәжірибе, Докторлық диссертацияны орындау, Зерттеу тәжірибесі.
	ПК 6	Мемлекеттік бағдарламаларды, жоспарлар мен жобаларды іске асыру тиімділігін арттыруда әмбебап құрал ретінде жобалық басқару қағидаттарын енгізу қабілетін көрсету.	Мемлекеттік органдардағы жобалық басқарудың теориясы мен практикасы, Мемлекеттік бағдарламаларды басқару, Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, Педагогикалық тәжірибе, Докторлық диссертацияны орындау, Зерттеу тәжірибесі.
Ескерту:	БК КК	Базалық құзыреттер Кәсіби құзыреттер	

4 8D04106 Бизнес және басқару дайындық бағыты бойынша «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасын

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МАТРИЦАСЫ

№	Пәннің атауы (D)	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)					
				БК1	БК2	БК3	БК4	КК5	КК6
Базалық пәндер циклі/ЖОО компоненті									
1	Академиялық хат	Пәнді оқытудың мақсаты-аналитикалық мәтіндік қызметпен байланысты жазбаша ғылыми коммуникация саласында кәсіби және коммуникативтік құзыреттілікті дамыту, ғылыми академиялық мәтіндерді құру принциптерін және ғылыми нәтижелерді қалыптастыруға қойылатын талаптарды білу, академиялық дискурстың ерекшелігін ескере отырып, әртүрлі түрдегі ғылыми мәтіндерді жасай білу, өзіндік идеяларды құрылымдық мазмұндау дағдыларын қалыптастыру	5	v					
2	Ғылыми-зерттеу әдістері	Пәннің мақсаты ғылыми жұмысты жүзеге асыру дағдыларын меңгеру, ғылыми-практикалық зерттеулерді ұйымдастыруда тәжірибе алу, ғылыми таным әдістерін қолдануға құзыреттілік көзқарасты қалыптастыру және іздестіру, эксперименталды және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде логикалық заңдар мен ережелерді қолдану болып табылады	5	v	v				
3	Зерттеу әдістемесінде жасанды интеллектті пайдалану	Пән ғылыми әдістемеде қолданылатын заманауи жасанды интеллект (ЖИ) әдістері мен технологияларын зерттеуге бағытталған. Курс ЖИ-ді ғылыми деректерді жинау, өңдеу және талдау, модельдер құру, болжау және зерттеулерді автоматтандыру үшін қолдануды қамтиды. Ерекше назар деректердің интеллектуалды талдауы, машиналық оқыту, табиғи тілді өңдеу және компьютерлік көру технологияларын ғылыми қызметте пайдалану мәселелеріне аударылады. Курс докторанттардың ғылыми зерттеулердің сапасы мен тиімділігін арттыру үшін ЖИ әдістерін қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.	3	v	v				

Кәсіби пәндер циклі/Таңдау бойынша компонент									
4	Жаһандану жағдайындағы стратегиялық мемлекеттік басқару	Стратегиялық жоспарлау мен болжаудың негізгі компоненттері мен әдістерін қоса алғанда, әлемнің жекелеген елдеріндегі стратегиялық мемлекеттік басқарудың қазіргі заманғы жүйелерін кәсіби талдау.	4					v	
5	Квазимемлекеттік сектор субъектілерін стратегиялық басқару	Квазимемлекеттік сектордың теориялық түсініктері, құрылымы және функциялары. Экономиканың квазимемлекеттік секторын дамытудың әлемдік тәжірибесі және стратегиялық басқарудың елдік ерекшеліктері. Квазимемлекеттік сектор субъектілерін стратегиялық басқарудың ұлттық моделінің даму кезеңдері. Квазимемлекеттік сектор субъектілерін стратегиялық басқаруды зерттеудің әдістемелік тәсілдері. Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік сектор субъектілерін стратегиялық басқарудың негізгі проблемаларын талдау.						v	
6	Басқарудағы математикалық әдістер мен модельдер	«Басқарудағы экономикалық-математикалық әдістер» оқу пәні постиндустриалды акпараттық қоғам жағдайында бизнес жүргізудің ерекшелігіне барабар заманауи экономикалық-математикалық әдістерді модельдеу және қолдану негізінде әлеуметтік-экономикалық процестерді басқарудың нақты міндеттерін шешу үшін қажетті теориялық білімді докторанттардың терең меңгеруі және тиісті практикалық дағдыларды игеру мақсатында іске асырылады және меңгеріледі.	4			v			
7	Әлеуметтік-экономикалық жүйелерді талдаудың статистикалық әдістері	Пәнаралық курс докторанттардың бағдарламалардың статистикалық пакеттерін (STATA, R) қолдана отырып, статистикалық деректерді қайталама талдауға негізделген экономикалық ғылыми зерттеулерді жобалау және іске асыру біліктерін қалыптастыруға бағытталған.					v		
8	Мемлекеттік органдардағы жобалық басқарудың теориясы мен практикасы	Жобалық басқарудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Жобаларды басқарудағы тәуекелдерді бағалау. Мемлекеттік басқаруда жобалық менеджментті іске асыру. Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктегі жобалық менеджменттің ерекшеліктері. Жобалық менеджмент Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарын әзірлеудің	4						v

		инновациялық құралы ретінде. Мемлекеттік органдарда жобалық басқаруды енгізу мен іске асырудың шетелдік тәжірибесі.							
9	Мемлекеттік бағдарламаларды басқару	Бағдарламаларды басқару: теория және практика. Бағдарламаларды басқарудың мақсаттары мен сапа критерийлері. Бағдарламаларды жоспарлау процесі. Бағдарламаларды іске асыру процестері. Бағдарламалардың көрсеткіштері, мақсаттары, міндеттері. Бағдарламалар тиімділігінің көрсеткіштері. Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу тәртібі және бағдарламаны басқару процесі. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру тиімділігіне мониторинг жүргізу және бағалау әдіснамасы.							v
10	Зерттеу тәжірибесі	Ғылыми-зерттеу практикасы ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін пайдалана отырып, отандық және шетелдік ғылымның соңғы теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерттеуге, диссертациялық зерттеуде эксперименттік деректерді өңдеуге және интерпретациялауға бағытталған.		v	v	v	v	v	

4 PHD ДОКТОР ОП ТҮЛЕГІНІҢ МОДЕЛІ – «МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ»

"Мемлекеттік және жергілікті басқару"білім беру бағдарламасы түлегінің моделі - түлек келесі құзыреттерге ие болуы керек:

1) Кәсіби-этикалық құзыреттер - академиялық адалдықты сақтау, зерттеу контекстінде идеяларды әзірлеу және қолдану кезінде мемлекеттік басқаруда дамып келе жатқан білім мен түсінікті көрсету;

2) пәнаралық құзыреттер - жаңа ортадағы мәселелерді неғұрлым кең пәнаралық контексте шешу үшін өз білімін, түсінігін және қабілеттерін кәсіби деңгейде қолдану;

3) ұйымдастырушылық - басқарушылық құзыреттер - әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін мемлекеттік басқару саласындағы ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру;

4) ақпараттық-технологиялық құзыреттер - ақпаратты верификациялауды және құрылымдауды жүзеге асыру, әртүрлі зерттеу және әкімшілік міндеттерді шешу үшін ақпараттық технологияларды пайдалану, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау және талдау мен синтез негізінде сындарлы шешім қабылдау қабілеті;


5) зерттеу құзыреттері - талдамалық жұмыс пен ғылыми зерттеулер үшін әдістер мен мамандандырылған құралдарды, қоғамдық сектор экономикасын талдау әдістемесін, мемлекеттің функциялары мен қызметін түсіндіруге макроэкономикалық тәсілдерді меңгеру;

6) арнайы құзыреттер - мемлекеттік басқару саласындағы ақпаратты, идеяларды, қорытындыларды, проблемалар мен шешімдерді анық және біржақты хабарлау.

«Менеджмент» кафедрасының отырысында қаралды, Хаттама № 8 « 18 » 03 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі  Байгиреева Ж.З.

Университеттің ҒӘК отырысында қаралды, Хаттама № 9 « 17 » 04 2025 ж.

Университеттің ҒӘК төрағасы  Мақыш С.Б.